

# Камбала немесе көзауықтар

---

Орындаған: Егемберді Н.Қ.

Тобы: Х(о)-17к

Қабылдаған: Мадиева А.Н.

# Камбала

Камбала, камбалатәрізділер  
(Pleuronectiformes) – сүйекті  
балықтардың бір отряды.



# Камбала

Алғашқы қазба қалдықтары эоцен кезеңінен сақталған. Денесі екі бүйірінен қысыңқы жалпақ, арқа және аналь жүзбеқанаттары денесінің ұзына бойына тұтаса орналасқан. Денесінің үстіңгі жағы қарақошқыл дақты болып келеді, ал денесінің астыңғы жағы ақшыл түсті болады. Көпшілік түрлері теңіз түбінде бір бүйірлеп жатып тіршілік етуге бейімделген. Біраз түрі өрістеу кезінде өзендердің тұщы суларына өтеді.

# Камбала

Камбаланың денесінің ұзындығы 6 см-ден 4,7 м-ге, ал салмағы бірнеше грамнан 330 кг-ға дейін жетеді. Құрсақ жүзбеқанаттары көкірек жүзбеқанаттарының алдыңғы тұсында орналасқан. Камбалалардың қазіргі кезде 7 тұқымдасқа бірігетін 500-ге жуық түрлері барлық мұхиттарда кездеседі. Олар әсіресе, Тынық мұхиттың тропиктік белдеуінде кең таралған.



# Камбала

Камбала ұсақ шабақтармен және теңіз түбіндегі бентосты омыртқасыз жануарлармен қоректенеді. Көпшілік түрі теңіздің жағалауға жақын жерлеріне уылдырық шашады. Уылдырықтан шыққан ұсақ шабақтары жартылай мөлдір түсті, торсылдағы болады, бірақ өсе келе олардың бас сүйегі симметриялы құрылысын жоғалтып, көзі бір жағына ауысады. Торсылдағы ересектерінде жойылады.

# Камбала

Камбалалардың глосса (*Platichthys flesus luscus*) және өзен камбаласы (*Platichthys flesus*) Каспий және Арал теңіздеріне жерсіндірілген. Арал теңізінен жерсіндірілген камбала түрлері басқа камбала түрлерінен арқа және аналь жүзбеқанаттарының ұзына бойында бұдыр төмпешіктері және денесінде болатын жұлдыз тәрізді ұсақ қабыршақтары арқылы ажыратылады. Бұлардың денесінің ұзындығы 37 см, салмағы 930 г-дай.



ЗВЕЗДЧАТАЯ



ЛИНЕЙНАЯ



ХОБОТНАЯ



БЕЛОБРЮХАЯ



ЖЕЛТОПЕРАЯ



ПАЛТУСОВИДНАЯ



ЖЕЛТОБРЮХАЯ



ДЛИННОРЫЛАЯ





# Камбала

Камбалатәрізділер (лат. Pleuronectidae).

Камбала тәрізділердің денесі екі бүйірінен өте қысыңқы сүйір болады. Көзі басының екі бүйіріне немесе оның бір бүйіріне ғана орналасқан. Торсылдағы болмайды. Су түбінде тіршілік ететін балық сондықтан бір бүйірімен жайлап жүзеді.

# Камбала

Денесінің үстіңгі беті әр түсті пигментті болады да, ал астыңғы жақ беті әрқашанда ақ түсті болады.



# Камбала

Камбаланың шабақтары алғаш судың қабатында жүзіп жүріп, кейін су түбіне ауысқанда, денесі бүйірінен қысылып, көз денесінің үстіңгі жағына қарай ығысады.



# Камбала

Бізде Каспий мен Арал теңіздерінен басқа теңіздердің бәрінде де кездеседі. Камбалалар әдетте уылдырық шашуға, қыстап шығуға, қоректерін тауып жеуге қолайлы жер іздеп қана миграция жасайды. Бірақ өте баяу қозғалатын болғандықтан тіршілік еткен жерінен 100—200 километрден ұзап кете алмайды.

# Камбала

Уылдырықтарын әдетте жағалауға шашады. Бірнеше миллионға дейін уылдырық шашатын өсімтал балық. Олар су түбіндегі омыртқасыздармен қоректенеді. Камбалалар тралмен аулау кәсібінің негізгі объектісі.

# Камбала

Тамақ өнеркәсібінде көптеп қолданылады. Ең көп ауланатын балықтарға жатады.



Назарларыңызға рақмет